ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР МУЗЫКА МЕКТЕБІ» КМҚК

КЕЛІСІЛДІ
Қарағанды қ.«Қ. Аманжолов атындағы балалар музыка мектебі» КМҚК
әдістемелік кеңес
№ 1 ӘК хаттамасы
«10» января 2025 год

БЕКІТЕМІН
Қарағанды қ.«Қ. Аманжолов атындағы балалар музыка мектебі» КМҚК
Директоры
А.Б.Ескалиева
«10» января 2025 год

«АРҚА ӘН ДӘСТҮРІНІҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Дәстүрлі ән оқытушыларына арналған әдістемелік нұсқаулық

Бердалин А.Т.

Қарағанды 2025

Дәстүрлі ән сыныбының оқытушыларына арқа әндерінен сабақтарды өткізу туралы нұсқаулық

Мазмұны

- Кіріспе.....1 бет
- Негізгі бөлім..... 2-4 бет
- Қорытынды .....5 бет
- Қолданылған әдебиеттер.....6 бет
- Ұсыныс.....7 бет



Кіріспе

Қазақ халқының рухани өміріндегі күрделі де өзіндік ерекшелігі мол асыл мұраның бірі – ән өнері, әншілік дәстүр. Ән арқылы іштегі сезімді сыртқа шығарудағы өнер адамның табиғи құралының бірі. Музыка мектебінің қазақ халық аспаптар бөлімінде дәстүрлі әнші мамандығындағы оқушылар қазақ халық композиторларының әндерінің төл нұсқасын сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуші. Бұл пәнде әндердің шығу тарихы, халық композиторларының өмір жолымен, шығамашылығымен танысады. Әр әннің ішкі қыр –сырын үйреніп оны тыңдаушыға жеткізетін, халық әндерінің қалпын сақтап қалатын осы дәстүрлі әнші мамандығындағы оқушылыр. Пәнді игеру жолында оқушылар домбыраның сүйемелімен ән айтуға дағдыланады.

Пәнге сипаттама:

Пәннің жалпы міндеті, оқу процесіндегі орны. Домбыра мен ән айту сабағы оқушыларды кәсіби деңгейде баулуға үйрететін пән болып табылады. Сахнада дәстүрлі әнімізді насихаттайтын кішкене әншілерді даярлайды, халық әндері мен халық композиторларының өмір жолы мен шығармаларынан оқушыларға көптеген мағлұмат береді.

1. Методикалық ән үйрету.
2. Қазақ музыкасындағы ән жанырын талдап зерттеу.
3. Халық әндерін, халық композиторларының әндерін насихаттау.

Жасөспірімдердің орындаушылық өнерін кәсіптік деңгейде көрсету.

Еліміздегі арнаулы музыкалық оқу орны болашақта музыкалық колледждер, концерттік ұжымдар мен филармонияда жұмыс істи алатын артисттер мен кәсіби орындаушыларды даярлайды. Қазақтың ұлттық музыка аспаптары домбырамен, қылқобызбен, сырнаймен сүйемелдеу арқылы және халақ сазгерлігінің әндерін мамандық ретінде арнайы оқытылып, кәсәби түрде жүйеленген.

Жеті жылға негізделген оқу мерзімінде, мектеп оқушыларына белгіленген аспаптың сүйемелдеуімен оқушының қабілетіне қарай, әнді алу ынғайына қарай кәсіби мамандық ретінде, мемлекеттік стандартқа салынып, арнайы жазылған бағдарлама бойынша сатылай үйретіледі.

Есту қабілеті арқылы үйретілетін дәстүрлі әндер, өзінің аймақтық өңірге бөлінген мақамдарын толықтай қамти отырып, дауыс ауқымына, дауыстың түріне жобаланып, кең көлемде көрсетіледі.

Сондай-ақ, бағдарламаның бір негізі болып табылатын түрі сабақ беру әдістемесі және шығарманың көркемдік бейнесі мен шынайы тарихына ден қою.

Болашақ әннің дәстүрлі әнді оркестрмен, жекелеген ансамбльдердің сүйемелдеуімен жұмыс істей білуіне вокалдық ансамбль сабағы арқылы көңіл аударуда бағдарлама назарынан тыс қалмаған. Музыка мектебінің

домбыра мен ән салу сыныбына орта мектептің ән айту қабілеті бар, музыкалық есту деңгейі жоғары, ұлттық өнерге жақын балалар қабылданады.

Мамандық пәні бойынша тапсырылатын сынақта ән орындаудан басқа есту, есте сақтау, ырғақ соғу қабілеттеріне қатаң талап қойылады.

«Арқа ән дәстүрінің орындаушылық ерекшеліктері»

Оқыту процесінде оқушылардың қабілетіне байланысты мақсат-міндеттер қою керек болады:

- Арқа ән мектебінің ерекшеліктері *(яғни, музыкалық қабілет – жеке тұлғалық, психологиялық қасиетінің өз алдындағы кешені. Ал енді, музыкалық қабілет деп айту сандық аспект емес, сапалық аспектінің сәулеленуі, адам мен музыканың психологиялық байланысы. оқушының музыка тілін ерекше сезінуі,ол оның музыкалық тілінің ерекше стилі болып табылады. Музыка – адам мен ұрпақ арасындағы қарым-қатынас формасы. Музыкалық дарынды оқушылардан музыкаға әуесқой оқушылар басым. Музыкалық әуесқойлықты дамытуға болады. Ол оқушының нақты ісінде дамиды және қалыптасады.)*
- Мектеп жасындағы балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуды талдау *(Мен оны алты кезеңге бөліп талдадым. 1) оқушы жәй ғана әннің сөзін бір қалыпты ырғақта айтады, ол берілген әннің ырғағымен сәйкес келсе; 2)бала әуеннің бір-екі дыбысын таниды, сол бір-екі дыбысқа әуенді әндетеді; 3)Кейін әннің жалпы жүрісін таза алады; 4)Әуеннің кей бөлімдерінде ұірімдер шығара бастайды; 5) Соңында әуен таза алынады, осы бес кезең фортепиано сүйемелденуімен қалыптасады; 6) Соңғы кезеңде оқушы әнді сүйемелдеусіз таза орындайды.)*
- Дәстүрлі ән сыныбындағы оқушылардың қабілеттерін дамыту жолдары *(оқушыны жан-жақты, әрі үйлесімді дамыту музыканың атқаратын міндеті деп ойлаймын. Осы маңызды міндетті орындау үшін бала жалпы музыкалық қабілетті дамыту керек. Музыкалық қабілеттің* ***бірінші белгісі*** *– музыкалық шығарманың сипатын, характерін сезіну, естігеніне бірге қуану, не күйіну, эмоциялық әсерін көрсету, дәстүрлі әндегі образды түсіну қабілеті.* ***Екінші белгісі*** *– аспаптардың жоғары және төмен тембрлік дыбысын салыстырады, әннің ең қарапайым құрылымын яғни бастамасын, қайырмасын, бөлімдерін айырады. Бір-біріне қарама-қарсы көркем образдарын айқындайды.* ***Үшінші белгісі*** *– музыкаға творчествалық көзқарастың көрінісі. Оқушы дәстүрлі әндерді тыңдап отырғанда, көркем образды әнді, оқиғаны көз алдына елестете отырып, өзінше қабылдайды.)*

Оқушыларыма сабақ басталар алдында сонымен қатар сабаққа ерте келіп қойған кездерде домбыра аспабына арналған жаттығуларды міндетті түрде орындатамын. Домбыраның пернелерін оның үн және жарты үн дыбыстарын қағыстардың түрлерін, музыка сауатынан – нотаны, позицияларды игеріп алғаннан кейін домбыра тарту техникасын өсіруге кірісу керек. Оқушыға домбыра техникасын өсіруге арналған мажор, минор гаммалары, арпеджиолар, этюдтер сияқты жаттығуларды орындатқан дұрыс. Гаммалар мен арпеджиоларға аппликатура қойылады. Бірақ гаммалар мен арпеджиоларға қойылған аппликатура тек мысал ретінде ғана алынады. Сондықтан кітаптарда берілген гаммалар мен арпеджиоларды тартқанда ондағы көрсетілген аппликатураны әр дәстүрлі әнші қолының бітіміне, саусақтарының салалығына, ептілігіне қарап кейде өзгертіп тұруларына да болады.

«Дауыс қою. Тыныс алуға арналған жаттығулар». Әншілік дауыс – табиғаттан. Әр оқушыда өзіне тән дауыс биіктігі, тембрі мен қуаты болады. Негізі дауыс қою жұмысы тәжірибелі вокал мамандарына жүктеледі. Кейбір музыка мектептерінде арнайы сағат бөлінбегендіктен оқушы дауысын өзімізге қоюға тура келеді. Осы кезде жалпы қабылданып отырған еуропалық вокал мәдениетінен бас тартуға болмайды. Қазақы дәстүрді сақтай отырып дыбыстың қуаттылығы мен сапасын арттыруға қол жеткізу үшін вокалдық жаттығулар өте қажет. Онсыз дауыс техникасын жетілдіру мүмкін емес. Оқытушы қазақы әншіліктің сырын, оның дәстүрлі вокализмін жақсы сезінуі қажет.

1. Дауыстың түрлері *(Ерлер дауыстары: бас, баритон, тенор және әйелдер дауысы сопрано, меццо-сопрано, альт деп бөлінеді. Мұны оқушыларымыздың біліп жүру керек)*
2. Тыныс алу жүйесі *(Дауыстың бірінші тірегі – дем. Тыныс алудағы негізгі мүше өкпе болып табылады. Оқушыға қабырғаның төменгі жағында орналасқан диафрагма еттерінің жоғары, төмен түсуінен өкпе ауа соратынын, диафрагманың оң және сол жағындағы қуыстар дем алғанда кеудені көтеріп ауаны толтыратынын, оның бұлшық еттері алған демді үнемдеп шығаруға, ұзақ ұстап тұруға, тез шығаруға қызмет ететінін анық сурет бойынша түсіндіру керек.)*
3. Көмекей *(Анатомиялық-физиологиялық тұрғыдан нақты анықталған әнші аспабы көмекей болып саналады. Ауыз қуысының құрылымында оқушыларға ән орындау барысында қалай пайдаланылу керек екенін ұқыппен түсіндірген жөн.)*
4. Резонатор *(Вокалдық өнердің әлемдік тәжірибесінде кеуде және ауыз, бас резонаторы деген термин кеңінен қолданылады. Бас және кеуде регистрлерінде дыбыс жаңғырығы арқылы кеуде, ауыз, бас резонатрлары деген ұғым қалыптасқан.)*

5. Дикция. *(Ән айту үрдісінде артикуляция, дикция деген ұғымдар бар. «Артикуляция» деп дауысты, дауыссыз дыбыстардың ауыз қуысында жасалуын, ал «дикция» деп сөздердің таза, анық шығуын айтамыз)*

Дарынды балалармен жұмыс бағыттары:

- Дарынды балаларға арналған қосымша оқыту бағдарламаларын, тест тапсырмаларын және түрлі күрделі әр мектептің әндерінен репертуар дайындау.
- Диагностика жүргізу
- Шығармашылық потенциялын жүзеге асыруға жағдай туғызу
- Орындаушылық қабілетін дамыту
- Шығармашылық дамуының негізгі көзі – ынталандыру іс-шараларын өткізіп, конкурстарға жиі қатыстыру.
- Дарынды балалар мәселесі бойынша бөлім оқытушыларымен әдістемелік іс-шаралар ұйымдастыру

Пән бойынша сырттай бағалаудың қорытындысы: Оқушыларымның білімі мен орындаушылық деңгейі, менің педагогикалық шеберлігім, көбінесе оқыту сабақтарына қатысу кезінде бағаланады. Менің сабаққа дайындығым, педагогикалық дағдыларым, әдістемелік білімдерім, үлгілі тәрбие беру мақсатым, оқушылардың үй жұмыстарын ұйымдастыру қабілеті, концерттер мен конкурстарға қатысуы педагогикалық қызметімде үлкен роль атқарады. Сабақтарымның нәтижесі, оқушылармен шығарманы меңгеру деңгейі оның реалды құндылығы болып табылады. Оқушыларым тақырыпты меңгермесе, сабақты тиімді деп есептемеймін. Әр сабақта оқушыларым жоспарланған әндерді меңгеріп, қажетті білімдері мен орындаушылық шеберліктерін шыңдауларын қажет етемін. Барлық білім үйде кеңейтіледі, тереңдетіледі, бірақ олардың негізі сабақта дағдыландырылады. Репертуар таңдауда оқушыларымның жеке қабілеттерін ескере отырып ұсақ шығармалардан бастап бірте-бірте күрделендіріп отырамын. Халықтың ұлттық сазын тереннен ұғыну үшін арнайы үнтаспаларды жиі тыңдатамын.

Қорытынды

Бұл ұсынымда Арқа дәстүрлі ән мектебінің халық композиторларының әндерін мектеп жасындағы балаларға оңай үйрету жолдары туралы жазылып, оның ерекшеліктері туралы көрсетілген. Кәсіби оқыту талабына мейлінше сай. Ұлттық дауыс энергетикасын сақтап қалу және оны жетілдіру тәсілдеріне ерекше назар аударылған.



Қолданылынған әдебиеттер:

- Л.Хамиди мен Б.Ғизатовтың «Домбыра үйрену мектебі»;
- Алматы «Өнер»-1983;
- Қ.Байбосыновтың «Сыр сандық» қазақ әндерінің антологиясы,Астана-2016;
- Р.Стамғазиев «Домбырамен ән айту мектебі», «Мерей» баспасы, Алматы-2017;
- А.Күзебай «Домбырамен ән салу» оқу-әдістемелік құралы, Алматы-2019;
- М.Әбуғазы мен Т.Әбуғазының «Ағажай-Алтай» алтай-тарбағатай әндері, «Мерей» баспасы, Алматы-2019;
- Ш.Даржанова «Алатау әуендері» хрестоматиясы, Алматы-2017;
- Е.Сарин «Арқаның кәсіби ән мектебі», Астана-2009.



Ұсыныс

Бұл нұсқаулыққа негізінен мектеп жасындағы дарынды балалармен қалай жұмыс жасау керегі туралы нақтылап жазылған. Сонымен қатар әншілік мәдениетті төлтума дәстүрге сай оқыту мәселелері жөнінде тұжырымдар ұсынылып отыр. Ең маңыздысы Арқа дәстүрлі ән мектебінің орындаушылық ерекшеліктері, құрылымы, күрделілігі және аспапта сүйемелдеу ерекшеліктері нақты ұсынылған.



Бердалин АТ

1-слайд:
Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Менің аты-жөнім Бердалин Амангелді Тілеужанұлы. Қарағанды қаласы «Қ.Аманжолов атындағы балалар музыка мектебі» дәстүрлі ән сыныбының оқытушысымын. Бүгінгі семинарға арнайы таңдап алған тақырыбым «Арқа ән дәстүрінің орындаушылық ерекшеліктері».

2-слайд:
Оқыту процесінде оқушылардың қабілетіне байланысты мақсат-міндеттер қою керек болады:

- Арқа ән мектебінің ерекшелігін түсіндіру *(яғни, орындаушылық – жеке тұлғалық. Арқа әндерінің құрылысы, қағыстары туралы жалпы түсінік беру)*
- Мектеп жасындағы балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуды талдау *(Мен оны алты кезеңге бөліп талдадым. 1) оқушы жәй ғана әннің сөзін бір қалыпты ырғақта айтады, ол берілген әннің ырғағымен сәйкес келсе; 2)бала әуеннің бір-екі дыбысын таниды, сол бір-екі дыбысқа әуенді әндетеді; 3)Кейін әннің жалпы жүрісін таза алады; 4)Әуеннің кей бөлімдерінде ұірімдер шығара бастайды; 5) Соңында әуен таза алынады, осы бес кезең фортепиано сүйемелденуімен қалыптасады; 6) Соңғы кезеңде оқушы әнді сүйемелдеусіз таза орындайды.)*
- Дәстүрлі ән сыныбындағы оқушылардың қабілеттерін дамыту жолдары *(оқушыны жан-жақты, әрі үйлесімді дамыту музыканың атқаратын міндеті деп ойлаймын. Осы маңызды міндетті орындау үшін бала жалпы музыкалық қабілетті дамыту керек. Музыкалық қабілеттің **бірінші белгісі** – музыкалық шығарманың сипатын, характерін сезіну, естігеніне бірге қуану, не күйіну, эмоциялық әсерін көрсету, дәстүрлі әндегі образды түсіну қабілеті. **Екінші белгісі** – аспаптардың жоғары және төмен тембрлік дыбысын салыстырады, әннің ең қарапайым құрылымын яғни бастамасын, қайырмасын, бөлімдерін айырады. Бір-біріне қарама-қарсы көркем образдарын айқындайды. **Үшінші белгісі** – музыкаға творчествалық көзқарастың көрінісі. Оқушы дәстүрлі әндерді тыңдап отырғанда, көркем образды әнді, оқиғаны көз алдына елестете отырып, өзінше қабылдайды.)*

3-слайд:
Мен сабақ өткізерде мынадай оқулықтардың көмегіне жүгінемін:
Л.Хамиди мен Б.Ғизатовтың «Домбыра үйрену мектебі», Алматы «Өнер»-1983;
Қ.Байбосыновтың «Сыр сандық» қазақ әндерінің антологиясы, Астана-2016;
Р.Стамғазиев «Домбырамен ән айту мектебі», «Мерей» баспасы, Алматы-2017;
А.Күзебай «Домбырамен ән салу» оқу-әдістемелік құралы, Алматы-2019;
М.Әбуғазы мен Т.Әбуғазының «Ағажай-Алтай» алтай-тарбағатай әндері, «Мерей» баспасы, Алматы-2019;
Ш.Даржанова «Алатау әуендері» хрестоматиясы, Алматы-2017;
Е.Сарин «Арқаның кәсіби ән мектебі», Астана-2009.

4-слайд:
Оқушыларыма сабақ басталар алдында сонымен қатар сабаққа ерте келіп қойған кездерде домбыра аспабына арналған жаттығуларды міндетті түрде орындатамын. Арқа әндері үшін шертпе қағыстың мағызы зор болғандықтан жаттығуларды шертпе қағыстармен де орындаймыз.

Домбыраның пернелерін онын үн және жарты үн дыбыстарын қағыстардың түрлерін, музыка сауатынан – нотаны, позицияларды игеріп алғаннан кейін домбыра тарту техникасын өсіруге кірісу керек. Оқушыға домбыра техникасын өсіруге арналған мажор, минор гаммалары, арпеджиолар, этюдтер сияқты жаттығуларды орындатқан дұрыс. Гаммалар мен арпеджиоларға аппликатура қойылады. Бірақ гаммалар мен арпеджиоларға қойылған аппликатура тек мысал ретінде ғана алынады. Сондықтан кітаптарда берілген гаммалар мен арпеджиоларды тартқанда ондағы көрсетілген аппликатураны әр дәстүрлі әнші қолының бітіміне, саусақтарының салалығына, ептілігіне қарап кейде өзгертіп тұруларына да болады.

5-слайд:

«Дауыс қою. Тыныс алуға арналған жаттығулар». Әншілік дауыс – табиғаттан. Әр оқушыда өзіне тән дауыс биіктігі, тембрі мен қуаты болады. Негізі дауыс қою жұмысы тәжірибелі вокал мамандарына жүктеледі. Кейбір музыка мектептерінде арнайы сағат бөлінбегендіктен оқушы дауысын өзімізге қоюға тура келеді. Осы кезде жалпы қабылданып отырған еуропалық вокал мәдениетінен бас тартуға болмайды. Қазақы дәстүрді сақтай отырып дыбыстың қуаттылығы мен сапасын арттыруға қол жеткізу үшін вокалдық жаттығулар өте қажет. Онсыз дауыс техникасын жетілдіру мүмкін емес. Оқытушы қазақы әншіліктің сырын, оның дәстүрлі вокализмін жақсы сезінуі қажет.

1. Дауыстың түрлері *(Ерлер дауыстары: бас, баритон, тенор және әйелдер дауысы сопрано, меццо-сопрано, альт деп бөлінеді. Мұны оқушыларымыздың біліп жүру керек)*
2. Тыныс алу жүйесі *(Дауыстың бірінші тірегі – дем. Тыныс алудағы негізгі мүше өкпе болып табылады. Оқушыға қабырғаның төменгі жағында орналасқан диафрагма еттерінің жоғары, төмен түсуінен өкпе ауа соратынын, диафрагманың оң және сол жағындағы қуыстар дем алғанда кеудені көтеріп ауаны толтыратынын, оның бұлшық еттері алған демді үнемдеп шығаруға, ұзақ ұстап тұруға, тез шығаруға қызмет ететінін анық сурет бойынша түсіндіру керек.)*
3. Көмекей *(Анатомиялық-физиологиялық тұрғыдан нақты анықталған әнші аспабы көмекей болып саналады. Ауыз қуысының құрылымында оқушыларға ән орындау барысында қалай пайдаланылу керек екенін ұқыппен түсіндірген жөн.)*
4. Резонатор *(Вокалдық өнердің әлемдік тәжірибесінде кеуде және ауыз, бас резонаторы деген термин кеңінен қолданылады. Бас және кеуде регистрлерінде дыбыс жаңғырығы арқылы кеуде, ауыз, бас резонатрлары деген ұғым қалыптасқан.)*
5. Дикция. *(Ән айту үрдісінде артикуляция, дикция деген ұғымдар бар. «Артикуляция» деп дауысты, дауыссыз дыбыстардың ауыз қуысында жасалуын, ал «дикция» деп сөздердің таза, анық шығуын айтамыз)*

6-слайд:

Дарынды балалармен жұмыс бағыттары:

- Дарынды балаларға арналған қосымша оқыту бағдарламаларын, тест тапсырмаларын және түрлі күрделі әр мектептің әндерінен репертуар дайындау.
- Диагностика жүргізу
- Шығармашылық потенциялын жүзеге асыруға жағдай туғызу
- Орындаушылық қабілетін дамыту
- Шығармашылық дамуының негізгі көзі – ынталандыру іс-шараларын өткізіп, конкурстарға жиі қатыстыру.
- Дарынды балалар мәселесі бойынша бөлім оқытушыларымен әдістемелік іс-шаралар ұйымдастыру

7-слайд:

Пән бойынша сырттай бағалаудың қорытындысы: Оқушыларымның білімі мен орындаушылық деңгейі, менің педагогикалық шеберлігім, көбінесе оқыту сабақтарына қатысу кезінде бағаланады. Менің сабаққа дайындығым, педагогикалық дағдыларым, әдістемелік білімдерім, үлгілі тәрбие беру мақсатым, оқушылардың үй жұмыстарын ұйымдастыру қабілеті, концерттер мен конкурстарға қатысуы педагогикалық қызметімде үлкен роль атқарады. Сабақтарымның нәтижесі, оқушылармен шығарманы меңгеру деңгейі оның реалды құндылығы болып табылады. Оқушыларым тақырыпты меңгермесе, сабақты тиімді деп есептемеймін. Әр сабақта оқушыларым жоспарланған әндерді меңгеріп, қажетті білімдері мен орындаушылық шеберліктерін шыңдауларын қажет етемін. Барлық білім үйде кеңейтіледі, тереңдетіледі, бірақ олардың негізі сабақта дағдыландырылады. Репертуар таңдауда оқушыларымның жеке қабілеттерін ескере отырып ұсақ шығармалардан бастап бірте-бірте күрделендіріп отырамын. Халықтың ұлттық сазын тереңнен ұғыну үшін арнайы ұнтаспаларды жиі тыңдатамын.

8-слайд:

Сұрақтарыңыз болса қоя отырыңыздар. Сұрақ болмаса осымен аяқтаймын, Назарларыңызға рахмет!